

Жамбыл ауылдық округі Широкое ауылының аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 1-16/01 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 ақпанда № 4326 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 16 ақпандағы N 1-16/01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 16.02.2016 N 1-16/01 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде, Жамбыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жануарлардың лейкоз ауруының анықталуына байланысты Жамбыл ауылдық округінің Широкое ауылының аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Ауылдық округ әкімі

Н. Айтуғанов

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

Министрлігі ветеринариялық

бақылау және қадағалау

Комитетінің Лебяжі

аудандық аумақтық

инспекциясының басшысы

2015 жылғы "23" ақпан

Ғ. Сағалов